

Спанова А.М., Магазова К.Б., Ермек А.Е.
Ғылыми жетекші: Шаяхметова М.Н.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Мақалада оқушыларға экономикалық тәрбие берудің маңызы баяндалады. Халқымыздың ағартушы-ғалымдарының еңбектеріндегі экономикалық тәрбие мәселесінің негізі - өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты нарықтық экономика заңдылықтарына үйрету болып табылады. Қарапайым экономикалық білім беру мен тәрбие жиынтығы оқушыларға тек ақпараттық мән жағына ғана құнды емес, сонымен қоғамдағы адам ролі мен оның құқығын түсіне білуге негіз болады. Экономикалық тәрбие жас ұрпақтың адами қасиеттерін қалыптастыруға көп мүмкіндіктер жасайды.

Кілт сөздер: тәрбие, экономикалық тәрбие.

Оқушыларға экономикалық тәрбие, білім беру қоғам дамуының қазіргі сатысында білім алушыларға жалпы білім берудің маңызды бір буынына айналып отыр. Оның басты міндеті – оқушылардың экономикалық ой жүйесін дұрыс қалыптастыру, оларды адамгершілікке, құрал-жабдықтарға ұқыпты қарауға үйрету қазіргі экономикалық құбылыстарды түсіне білетін және экономикалық терең білімді азамат тәрбиелеу.

Өскелең ұрпаққа экономикалық тәрбие мен білім беру мәселелерін, білім алушылардың экономикалық білімін, іскерлік дағдысын, ойлау түрін, қызығушылықтарын, өз игілігі үшін еңбек ету қажеттілігін қалыптастыру – философтар, экономистер, социологтар, психологтар мен педагогтардың назарын көптеп аударып келеді.

Заман талабы Қазақстандағы экономикалық факторлардың өркендеуіне байланысты экономикалық білім мен тәрбие беру үрдісі кең көлемде зерттеле бастады. Экономикалық тәрбие беру мәселесін зерттеуші ғалымдар пікірінше: «оқушы жастарға экономикалық тәрбие беруде бір ескеретін жай: экономикалық жаңаша ойлау өздігінен пайда болмайды, ол қажырлы еңбекпен келеді. Соның дәлелі, заманында Әбу Насыр әл-Фараби адамның практикалық іс әрекетіне үлкен мән бере отырып, таза еңбектің ролі мен мазмұнына, тек еңбек қана адамды жануарлар дүниесінен бөліп, оқшау шығаратынын ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

Халқымыздың ағартушы-ғалымдары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаевтардың еңбектерінде экономикалық мәдениет мәселелері көрініс тапқан. Оқушылардың экономикалық тәрбие мәселесіне арналған бірқатар жұмыстарда еңбекке оң көзқарас пен қоғамдық меншікке ұқыптылық арасындағы байланысты қалыптастыру қарастырылды.

Абай өзінің халқына, келер ұрпағына өшпес әдеби мұра қалдырды. Абай жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан қай дәуірде болмасын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің нұсқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз – нысаны екені даусыз. Абай жастардың өз алдына шаңырақ көтерген кездерінде шаруашылық-экономикалық есебіне ыждағатты болуы керектігін естеріне салады. Екі жастың да отбасы қаржысын үнемді пайдалануын, адал еңбегінің құнын өмірлік қажетіне жаратуға үндеді. Мақтан үшін артық дүние-мүлікке қызықпай, не болмаса қолпаш сөзге қарық болып, қолындағысын орынсыз шашпай үнемшіл болуға үйретті. Үй болған соң, еткен еңбегіне сай жиналған қаражат-қоры болуын мұқият тапсырды. Жастар өз бақытының қожасы, мұны берік дәстүрге айналдыру өз қолында екеніне сенді, жұбайлық өмірді алдын ала даярлықпен бастауына үлкен мән берді. Жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге үндеді.

Заң ғылымдарының кандидаты Сәкен Өзбекұлының «Нарықтық қатынастар туралы ойлар» мақаласында Абайдың нарықтық көзқарастары біршама дұрыс және жан-жақты сараланған. Атап айтқанда, ғалым өз мақаласында: «...Абай сол кездің өзінде қазіргі заманғы нарықтық қатынастар, бизнесті ұйымдастыру, еркін кәсіпкерлік, капиталды ерте сатыда қалыптастыру, меншік құқығын иелену, пайдалану сияқты сұрақтарға жауап іздеді». Біз Абайдың өз дәуірінде айтқан пікірлері қазіргі заманның талаптарына сәйкес келетінін анық көреміз.

Ал, Абай Құнанбаевтың еңбектерін талдай отырып, Қазақстандағы экономикалық ойдың дамуын зерттеген экономика ғылымдарының докторы, профессор Дүйсенхан Қабдиевтің еңбектерін көріп отырмыз. «Абай Құнанбаев өзінің творчестволық еңбектерінде көптеген экономикалық мәселелерді көтеріп, оны ағартушылық және демократиялық көзқараспен шешіп отырған. Көшпелі халқымыздың шаруашылығын жақсы білетін ол Қазақстанның экономикалық даму болашағы құнды

пікірлер айтқан. Бұл пікірлері тарихи жағынан оқшаулау болғанымен, қазақ халқының әлеуметтік экономикалық пікірлерінің оянуына үлкен үлес қосқан».

Шоқан Уәлихановтың еңбектері көп салалы. Дарынды ғалым ретінде ол тарихқа, этнографияға, географияға, заңға, философияға ғана емес, сонымен бірге экономикалық ғылымға да үлкен үлес қосты. Оның барлық еңбектері-шаруашылық-экономикалық мәселелерге, қоғам проблемаларына арналған зерттеулер. Оларға «Қазақтардың қоныстануы туралы», «Мал шаруашылығы – халықтың байлығы», «Өнеркәсіп және сауда» және басқа да еңбектер жатады. Қазақ халқының экономикалық дамуы Шоқанның басты арманы болды, бірақ оның арманын жүзеге асыру біздің заманымызда ғана мүмкін болды.

Ш.Уәлихановтың экономикалық ой-пікірінің өзектілігі, өз өмірінде көргендері жағдаяттар негізінде қалыптасып отырды. Ол халық шаруашылығының жекелеген салаларын экономикалық талдауға ерекше көңіл бөлді, көшпелі халықтардың шаруашылығын жүргізудің нысандары мен әдістері бойынша практикалық кеңестер беруге ұмтылды.

Ғалымның экономикалық пайымдаулары мал жаю, қазақ халқының көшпелі өмірі және оның рөлі, егіншілік, сауда, салық саясаты, халықтың орналасу жағдайы және т.б. мәселелерге бағытталды.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы. Алтынсарин мектепте берілген экономикалық тәрбие мен дағдыларды халыққа пайда әкелетін қару ретінде бағалады. Ағартушының танымдық көзқарасы бойынша, экономикалық жетістік, ел мен адамның байлығы әр адамның белсенді жұмыс арқылы бақытты өмір сүруге деген ұмтылысына байланысты. Мәселен, оның «Бай баласы мен жарлы баласы», «Бір уыс мақта», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Дүние қалай етсең табылады», «Сараңдық пен жинақылық» және т.б. әлеуметтік-экономикалық шығармалары жастарды сабырлылыққа, әдептілікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке үйрете отырып тәрбиелеуге шақырылғанын көреміз.

Қазақстандағы экономикалық ой дамуының революциялық-демократиялық кезеңін қазақ халқының ағартушы ақыны С.Торайғыров әлеуметтік тұрғыдан атап өтті. Ағартушы өзінің жұмысының бастапқы кезеңінде халықты қанаушы тап бұқараның надандықтың торында шырмауықты қолданғанын пайдаланды деп сенді: ақын зұлымдық пен қараңғылықты тудыратын себептердің тамырын нақты болжай алмайды, оған ықпал ететін жағымсыз құбылыстармен күреседі және бай немесе кедей болу өзіне байланысты деп санайды.

Кейінірек С.Торайғыров халықтың қайғы-қасіреті мен бақытсыздығының себебін ашуға ұмтылды. Ағартушы мұның себебі-оның алдындағы адамдар «жер бетінде бірлік пен әділеттіліктің қанат жаймауынан» деп болжаған ғылым-білімнің дамуы мен жердің тозуы деп санайды. Адамды адамның қанауына негізделген өндіріс құралдарына жеке меншік құқығын ескермеген.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Кедей», «Адасқан өмір» поэмалары мен «Кім жазықты?» романы тәрізді туындыларында туған өлкесінің хал-ахуалын талдай отырып, капиталистік қанаушылық пен феодалдық-патриархалдық құрылымды жан-жақты әрі терең айқындап ашып береді, ауыл шаруашылығындағы басты өнім өндірушінің – шаруаның кедейленуі мен әлеуметтік теңсіздігін көрсетеді.

Белгілі жазушы-ғалым Жүсіпбек Аймауытов қазақ жастарын жерді игеруге, сауда-саттықпен, бизнеспен айналысуға, өз шаруашылығын жақсартуға, өз денсаулығына ұқыпты қарауға, газет, журналдар мен кітаптарды тұрақты оқуға үйретуге, түрлі өнерді игеруге ұмтылуға және өзін мәдени тұлға ретінде танытуға шақырады. «Егер бәрі губернатор немесе комиссар болғысы келсе, онда бұл мәселемен кім айналысады?»- дейді ол. 1926 жылы жазылған «Жан жүйесі және өнерді таңдау» атты еңбегінде Жүсіпбек Аймауытов жастарға өз мамандығын таңдауда байсалды шешім қабылдауға кеңес береді.

Сол сияқты, XX ғасырдың басында А.Байтұрсынов «Қазақ жерін зерттеу» еңбектері баспадан шықты. Бұл шығармада қазақ өткір саяси-әлеуметтік, экономикалық сұрақтар көтерілген.

М.Дулатовтың «Есеп құралы» атты есеп жинағында балалардың экономикалық ойлауын дамытатын экономикалық мазмұнды ауызша халық есептері жинақталған.

Қазақ халқының берері мол берекелі мұраларының бірі - мақал-мәтелдерді де жастарға экономикалық тәлім-тәрбие беруде тиімді қолдануға болады: Мәслен:

Еңбек етсең - емерсің, еңбегі аздың өнбегі аз.

Қарызға алған - айлакер, қарызға берген - пайдакер.

Бес тиындық қоян, он тиындық зиян.

Нарқын танымаған сөз құлазиды.

Ағаш кессен, ұзын кес - қысқартуың оңай,

Темір кессен, қысқа кес - ұзартуың оңай.

Ұқыптының тоны тозбас,

Ұқыпсыздың ісі оңбас.

Жалғыз тауыққа да жем керек.

Жастарды халқымыздың мақал-мәтелдері арқылы қазіргі таңға тән «нарық», «артық», «қымбат», «қазына», «пайдакер», «айлакер», «шығын», «жоспар», «ұқыпты», «зиян» және тағы сол сияқты ұғымдарды жете түсініп, олардың дүние танымын байытып, ойының ұшқырлануымен қатар экономикалық білімдерін жетілдіре түседі.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің асыл үлгілерінің мазмұнына тереңірек үңіле түссек, халқымыздың қадым замандардан-ақ жас баланың жалпы ақыл-ой тәрбиесіне ғана емес сонымен бірге қарапайым өмірге қажетті экономикалық және математикалық білім түсініктерді қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлгендігі бізге аян. Ата-бабаларымыз есепке байырғыдан жүйрік болған, күнделікті тұрмысқа қажетті есептеулерді жүйелі де орынды қолдана білген. Жастарға тұрмыстық және экономикалық білім берудің қызықты бір саласы - қазақ халқының ауызша есептерін шығару. Қазақ халқының ауызша есептері өзінің білімдік және тәрбиелік сипаты, қарапайымдылығы және логикалық шымырлығы жағынан математиканың тәжірбиелік мәнін түсінікті, әрі бейнелі тілмен ашып көрсететін озық бір үлгісі. Мысалы, «қорада 100 қой мен ешкі. Олардың аяқ пен құлақтары қанша?».

Экономикалық тәрбие әдептілік тәрбиемен тығыз байланысты. Қазақ халқында «Ерулік», «Асар», «Жылу-жәрдем» сияқты жанашырлық және рақымдылық дәстүрлері бар. «Ерулік» - көшу кезінде көрсетілетін жәрдем мен қамқор. «Асар» - «бүкіл жұртпен» үй және малға арналған қора соғу, қой қырқу және басқа ауыл шаруашылық жұмыстар. «Жылу жәрдем»- аурудан, жұттан және т.б. апаттардан зардап шеккендерге киім, мал, тамақ жиналып, үй соғылады. «Тасаттық» - жылдың құрғақ кезінде ақсақалдар түйені құрбандық етіп, Жаратушыдан жауын сұрайтын. Жас ұрпақ тәрбиелеудегі халықтық салт пен дәстүрлер, белгілердің біразы осындай.

Экономикалық мазмұны бар халық ертегілеріне «Қожанасырдың қарыз беріп, қарыз алуы» ертегісін жатқызуға болады.

Біз, зерттелген еңбектерге талдау жасай келе, экономикалық білім мен тәрбие беруге қатысты ғылыми еңбектер бірнеше бағытта қарастырылғанын көреміз. Десекте, қазіргі уақытта біздің экономикалық жағдайымыздың жақсаруын қамтамасыз ету үшін экономикалық білім беруді дамыту қажет. Бәсекелестік тек экономикалық сауаттылықты, еңбекті, білімді қажет етеді. Онсыз өмір сүру қиын, сондықтан оқушыларымызды бірінші сыныптан бастап еңбекке, еңбек арқылы экономикаға үйретіп, содан тәлім-тәрбие беріп, кешегі кеңестік принциптен өзіміз арылып, оқушыларымызды осы өмірге сай баулып өсіруіміз керек.

Әдебиеттер:

1. К.Ж. Аганина, С.Т. Ыбышова. Оқушылардың экономикалық мәдениетін қалыптастыру: Оқу – әдістемелік құрал. - Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011. - 67 бет.

2. А.Ш. Досбенбетова, М.Б. Өтелова Модульдік технология бойынша бастауыш сынып оқушыларына экономикалық тәрбие беру: Оқу-әдістемелік құрал. - Шымкент: ОҚМПИ, 2015. - 60 бет.

Сыздыкова А.М.

КГУ «Школа-лицей №66» г. Караганда

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье рассматривается как организовать работу на уроках английского языка, чтобы в процессе обучения была сформирована функциональная грамотность у учащихся, достижение функциональной грамотности в процессе обучения различными способами. Выделяются направления формирования функциональной грамотности. в контексте рассматриваются тематические области для каждого направления функциональной грамотности. Применения задания на формирование функциональной грамотности. Так же рассматривается технология развития критического мышления через чтение и письмо.

Ключевые слова: английский язык, функциональная грамотность, контекст, чтение, письмо, грамотность, креативное мышление.